

**ЭПОС ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ «БАТЫР» КОНЦЕПТІСІ МЕН ҚҰРАМЫНДАҒЫ  
МИКРОКОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Аманжанова Аружан Нұрлыбекқызы**

aruuuzhan@bk.ru

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 2-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан  
РеспубликасыҒылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент – **Амангазиева М.К.**

Қазақтай тарихы терең, мәдениеті бай, салт-дәсүрі, ырым-тыйымы көрегенділікке негізделген халықтың концепт түсінігін қамтитын аясы көп. Әрбір жеке дара қарастырылатын концепттің артында халқымыздың көрген-білгені, тарихы, әлеуметтік-саяси жағдайы, тұрмысы тұрады. Белгілі бір концепттің де пайда болып, халық санасына сіңуі үшін оның артында сан ғасырлық уақыт, мол тарих жататыны түсінікті. Ғалым А.Ислам ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің суретін зерттеуге арналған еңбегінде мынадай пікір айтады: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [1, 15]. Бұл дегеніміз белгілі бір концептті түсіну үшін сөздік ақтарып, мағына іздеу жеткіліксіз деген сөз. Себебі, бұл нақтылап шегеленген екі ауыз ережеге мүлдем қайшы дүние. Оны түсіну үшін сол ұғым тиесілі халықтың қазанында бірге қайнамасанда ең арғы жағы тарихын біліп, тұрмыс-салтына қанық болуың керек.

Қазіргі таңда концепт ұғымының аясы кеңейіп, бұл ұғымды құрайтын құрамдас бөлшектердің де тіл білімі саласында алар орны бар. Концептілерге қатысты Б.Нұрдәулетова «Когнитивті лингвистика» атты еңбегінде тірек концепт, макроконцепт, микроконцепт секілді ұғымдардың бар екенін айта отырып, қазіргі таңда тіл білімінде бұл ұғымдардың қатарласа қолданылатынын, бірінсіз бірі болмайтынын айтып өтеді [2, 67]. Бұл жердегі «тірек концепт» әр халықтың өзіне тән айқын ерекшелігін айқындайтын, ұлттық дүниетанымын, көзқарасын көрсететін концепт түрі. Ал, макроконцепт өз ішінде микроконцепттерден тұратын, мазмұны, құндылығы жағынан көлемді концепт. Жеке дара концепт пайда болуы үшін де жалпыны жалқы құрайтын секілді, тұтас концептті өз ішінен бөліктерге бөлшектеп қарауға болады. Бұл дегеніміз тұтас концептті құрайтын ұғымдар нақтыланған тілдік бірліктердің көмегімен жымдасып, бірігіп отыратындығының көрсеткіші.

Лингвистика саласының қазіргі таңдағы басты ұстанымы антропоэлекті бағыт. Қазақ тіл біліміндегі психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, нейролингвистика секілді енді бастау алып жатырған тармақтардың да басты назары адамда.

Себебі, тіл мен адам ажыратусыз біртұтас құбылыс немесе сол бір құбылыстың екі жағы. Тілімізге тиек еткелі отырған эпос жырларындағы «батыр» концептісінің де өн бойында бір емес бірнеше микроконцептілер жинақталған. Эпикалық жырлардың басты өзегі, нысаны «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын», аса ержүрек, елі үшін жанын берген бір қаһарманның болатынын бәріміз білеміз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «батыр» ұғымына «ел қамы үшін жаумен шайқаста ерлік көрсеткен қаһарман адам, елін сүйетін ержүрек азамат» деген анықтама берілген [3, 744]. Эпикалық жырлардың барлығы дерлік сюжеттік жағынан ұқсас, типтік мотивтері бірдей жазылып сақталған. Барлығында бір автор болмаса да, сан ғасырлар бойы ауыздан ауызға жетіп келе жатса да сюжеттік ұқсастықтарының болуы халық санасындағы «батыр» ұғымының бірдей екенін көруге болады. Мәселен, эпостық жырларға тән біркелкі сюжеттік желіні үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- Сәбиді құдайдан тілеп, зарыға аңсаған ата-ананың ғажайыппен балалы болуы;
- Баланың туыла сала елден ерекше болып, ай сайын, тіпті күн сайын емес сағат сайын өсуі;
- Ер жетіп, өте ерекше алпауыт күштің иесі болып, батырлық істер жасауы.

Бүкіл эпостық жырларды алып салыстырмалы түрде қарайтын болсақ эпосқа тән әртүрлі мотивке негізделген үш түрлі сюжетті ғана көруге болады. Алғашқысы сюжеттік желі «Дотан», «Құламерген-Жомерген», «Ер Төстік», «Кеқұла атты Кендебай», «Қырымның қырық батыры» шығармаларында кездесе, «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларында екінші топтағы сюжеттік желі көрініс табады. Енді бір үшінші типтегі сюжеттік желі бір топ «Қобыланды», «Алпамыс», «Қарабек» секілді батырлық жырларда кездеседі. Сюжеттік ерекшеліктердің инварианттылығын келесі кестеден көруге болады.

I Сюжеттік желі. Қаһарманның балалық шағы және сүйіктісіне қол жеткізіп, үйленуі. Ұлан асыр той болуы.	Ата-анасының ру-тайпасын, әлеуметтік жағдайының суреттелуі
	Қаһарманның ғажаптан дүниеге есігін ашуы
	Өзгелерден ерекше болуы, соған сай балалық шақ
	Ең алғаш батырлық қасиеттері танылып, ерлік көрсетуі
	Қалыңдығы туралы хабардар болуы және оны іздеуі
	Қалыңдығына қол жеткізу жолында сынақтарға тап болуы, өзге батырлармен күресуі, жекпе-жекке шығуы
	Жеңісті қанжығасына байлап, қалыңдығымен бірге елге оралып, ұлан асыр той жасауы
II Сюжеттік желі. Қаһармандық ерліктер	Жау шапқаны туралы хабардың келуі
	Қарсы жорыққа шығуы
	Батырдың жау елінде жекпе-жекке шығып белдесуі. Сәтсіз болған жағдайда батыр жау елінде тұтқынға түседі.
	Соңғы жекпе-жек және басты қаһарманның жеңіске жетуі
Елге жеңіспен қайтуы	
III Сюжеттік желі. Батырдың жаудан өз руын, тайпасын тәуелсіз етуі	Батырдың қалыңдығы немесе жақын адамының жау қолында тұтқында екендігі жөнінде хабардың келуі (түс көруі немесе белгі берілуі)
	Басыт қаһарманның қалыңдығына дұшпан адамның үйленуге ниет етуі немесе алып қашуы
	Құтқару мақсатында қалыңдығымен оңаша кездесуі немесе қалыңдығы мен дұшпанының тойына жасырын түрде келуі
	Жекпе-жек барысында батырдың өзін дәлелдеуі
	Дұшпандарын жазалап, жеңіспен елге оралуы
	Отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізуі

*1-кесте. Батырлық эпостарға тән сюжеттік инварианттар мен типтік*

*мотивтер*


Ғалым Р.Бердібай қолданысқа «қаһармандық эпос» тіркесін ұсына отырып, эпос жырларындағы батыр концепті арқылы тұтас халықтың сан ғасырлар бойы басынан өткерген оқиғаларын, сол оқиғалар себебімен түзілген тұтастай көзқарасы, өмірлік қағидалары, алдан күткен аңсар арманы көрініс табатынын айтады. «Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін – олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі – ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар – батырлық жырдың айрықша сипаты болып табылады» [4, 97]. Осылайша қаһармандық жырдың негізінде халықтың өткен тарихы, оған беретін бағасы анық көрінеді. Бұл арқылы халық қиялының батырлар болмысын суреттеулегі шексіздігі байқалады. Қандай да болсын қиындыққа қарамастан батырлар батылдық танытып, мұартына жетуге талпынады. Эпостық шығармалардың негізі өмірде болған тарихи оқиғалар хронологиялық тұрғыдан берілмейді. Керісінше ел жадында қалған батырларды дәріптеуді мақсат тұтады. Сонымен қатар, қаһармандық эпостағы батырлар өмірде болған тұлғадан гөрі, халық қиялындағы батырдың болмысы суреттеледі.

Зерттеу нысаны ретінде «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды» батырлар жырын қарастырып көрейік. 1-кестеде берілген ақпарат бойынша бұл жырларды да сюжеттік типке эпостық уақыт арқылы бөліп қарастырайық.

Эпостағы уақыт	«Алпамыс» жыры	«Ер Тарғын» жыры	«Қобыланды» жыры
Баяндау уақыты	Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген ел шықты.	Тарғын сынды батырдың, Қайтарын жұрт біледі, Алладан пәрмен тіледі, Құйысқанын қысқартып, Екі айылын берік тартып Енді атына мінеді.	Кешегі өткен заманда, Қарақыпшақ Қобыланды, Атасы мұның Тоқтарбай Халықтан асқан бай болды. Байлығында есеп жоқ, Айдалып бағып жайылды.
Хронотоп-сюжеттік уақыт	Перзент зары, сағат сайын өсуі, қалыңдық жайлы хабар, тұлпарының адамша сөйлеуі, Ұлтанның Гүлбаршынға көз салып, үйленбек болуы, Жәдігердің тұтқында болуы.	Істі болып Қырым жеріне келуі, батырлығымен халық арасына танылуы, тұлпарының адамша сөйлеуі.	Перзент зары, қалыңдық жайлы хабар, тұлпарының адамша сөйлеуі, қалмақтардың елін шабуы, Қараман батырмен, Ер Қазанмен шайқасуы, Алшағыр ханның Құртқаға үйленбек болуы.
Дәуірлік уақыт	Мифтік танымның басым кезеңінен хабар береді.	Кейінгі Ноғай хандығы жайлы айтылады.	Әбілқайыр хандығының кезеңін көрсетеді.

*2-кесте. «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды» батыр жырындағы эпостық уақыт.*

Бұл жерде берілген уақыттың әрбірінде қаһармандық жырдың баяндалуы, сюжеттегі оқиғалардың өтуі, болуы қарастырылған. Әр уақыт өзіне тән ерекшелікке, оқиғалар тізбегіне ие.



3-кесте. Батырлар жырындағы эпостық уақыт

Аталған жырлардағы дәуірлік уақыт тарихи оқиғалармен астасып жатса да, халық идеалы саналатын батырлардың ерлігі, батылдығы кейінгі ұрпаққа үлгі, насихат ретінде анықталады. Осылайша Батырлар жырының негізінде қазақ халқының болашақ ұрпақты батылдыққа, қайсарлыққа баулуды көздегенін көре аламыз.

Атап айтылған сюжеттік типтердің барлығында дерлік кездесетін, барлық қаһармандық эпостарға тән элементтерді байқауға болады. Ол қаһарманның жырдың басынан аяғына дейін жалғыз өзі жүріп қана іс тындырмайтыны да аян. Яғни батырдың астындағы тақымын қысып мінетін, керек болса қабырғасының астынан қанат бітіп, көкке де самғайтын тұлпары, ақылшысы, серігі бола білетін жан-жары, жаудан қорғайтын бес қаруы, бір анадан туып-өскен бауыры, Алладан жалбарынып сол батырды тілеп алған ата-анасы бар. Осы аталғандардың барлығы «батыр» концептісінің құрамдас, толықтырушы бірліктері. Оларсыз «батырдың» батырлығы кеміп қалатындай әсер береді. Оның себебі де сол, сан ғасырлар бойы батыр кім деген кезде эпикалық жырларда, оған қоса ауыз әдебиетінде, балаларға арналған ертегі-әңгімелердің барлығында дерлік батыр бейнесі бірдей көрініске ие.

Эпостық жырларда басты қаһарманның әрдайым жанынан табылатын, керек кезде тіл бітіп серігі болатын ол – тұлпары. Батыр концептісіне тән ауқымды микроконцептің бірі де сол. Жырдағы тұлпардың алар орны да жоғары екенін зерттеушілер де атап өтеді. Мәселен А.П. Окладников былай дейді: «... Бұрынғы заманда әскери аттың маңызы өте зор болған, сондықтан да эпикалық мәтіндерде жылқы белсенді тұлғалардың бірі. Сонымен қатар, тереңде жатқан тотемистік жылқы культін және қорғаушы-пір жылқы бейнесін ұмытпауымыз керек» [5, 6]. Жырда қаһарманның тұлпары әрдайым жүйрік, шабандоз. Сол арқылы тұлпарға деген сенім ұялап, жау шапса қуып жететінін, тұтқыннан қашса озып үлгеретінін көрсетеді. Қазақта сан ғасырлар бойы сақталған «Ер қанаты – ат» нақылының да дәлелді көрінісі атап айтылған жырлардың барлығында дерлік кездеседі. Соғыста, дұшпан қолында болған сәттерде жеңістің тәтті дәмін татып татпайдың тағдырын шешуші де дәл осы жүйрік тұлпар екеніне қарап оның қадірінің соншалықты жоғары екенін бірден бағамдауға болады. Қаһармандық жырларда батырдың тұлпары тұтқиылдан келген түрлі сынға алуан сипат танытатын киелі жануар ретінде кездеседі. Көрініс табатын ерекшеліктерін бағамдап келген кезде келесідей белгілерін көреміз:

- Ұшқан құстанда алғыр жүйріктігі;
- Мыңдаған шақырымға алқынбастан жететін асқан төзімі мен қайраты;
- Батырдың бар мінезін сезініп, арман-тілегін біліп отыратындығы;
- Қарсы келген жаудың арам ойын сезетін естілігі;
- Қысылтаянда «тіл бітіп», батырға кеңес беріп, ақылшысы болатындығы;

- Сын сағаттарда түсін өзгерте алуы;
- Дұшпанның елге қарай бет алып келе жатырғанын алдын-ала сезіп, иесіне қауіпті сездіретіндігі;
- Батыр жарақат алса немесе жау қолында мерт болған жағдайда далаға қалдырмай елге жеткізетін естілігі.

Бұдан көретініміз эпикалық жырлардағы «тұлпар» микроконцептісі қаһарман бейнесін одан әрі толықтырушы лингвоментальді бірлік ретінде қызмет атқарандығы, себебі тұлпар мен оны ерттеп мінген қаһарманның бейнесі тұтас, егіз ұғым.

Батырлар жырындағы тағы бір микроконцепт ретінде танылатын этномәдени концепт – қару-жарақ. Батырдың жанынан тастамай ұстайтын бір бөлшегі оны – қару-жарағы. Мәселен, С.Сейфуллин Ер Тарғын эпосындағы батыр бейнесін былай суреттейді: «Жал-құйрығы сүзілген, бауырынан жараған, жер тарпып жұлқынған сәйгүлік ат. Ол аттың үстіндегі ақ кіреуке, қынама сауытты, темір дулығалы, алмас қылышын жарқылдатып, желекті найзасын шүйірген жауынгер». Жырларда кездесетін қару-жарақ атауларының поэтикалық сипатына назар аударсақ көбіне олардың басты қаһарманның, ата-анасының, қалыңдығының портреттерін жасау кезінде көп пайдаланылатынын көреміз. Оған қоса қару-жарақ атаулары жеке аталмайды, эпитет түрінде алдына түрлі тіркестер қосылып айтылады. Мәселен: былғары садақ, бұқар жай, балдағы алтын ақ берен, алтын құндақ ақберен, көк сүңгі, бадана көзді ақ сауыт, шашақты найза, алтын қалпақ, жез қалпақ, қозы жауырын жебе, алмас қылыш, ақ қара бас ту, т.б. Батырдың тұлпары мен қару-жарағынан бөлек тұтас концепттің лингвоментальді бірліктері болып тұтасып тұратын оның жары, қолдаушы ата-анасы, артындағы елі, жанындағы жолдасы бар. Әрқайсысы өз алдына микроконцепт ретінде «батыр» концептінің құрамдас толықтырушы бөліктері.

«Батыр» концептісін когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастырсақ оның тілдік мазмұнына эпостың сюжеттік, көркемдік ерекшеліктері, тақырыптық құрылымы, композициясы енеді. Осы айтылған дүниелер тұтас бір эпикалық мәтінді құрай отырып, «батыр» концептісінің мазмұнын ашады. Осы тұста айтып өтер дүние «батыр» концептісін қарастыруда уақыт ағымының адамның қажеттіліктерін, күн-көріс салтын, өмір сүру салтын өзгерту барысында «батырдың» да өзгеріске ұшырағанын атап өту керек. Бұл ұғымға қосалқы «қазіргі күннің батырлары», «бейбіт күннің батырлары» секілді тілдік бірліктердің тіркесіп келіп, тұтас ұғымды өзгеріске ұшыратқанын көре аламыз. Оған себеп қазіргі кездегі қажеттіліктің өзгеріп, адам адам болғалы даму сатыларынан өтіп келіп инновацияға қол жеткізгені. Қазіргі күннің батырлары ерттеп ат мінбейді, жауға хабаршы жібермейді, бір елден бір елге айлап, жылдап жол жүрмейді, садақ асынып, ай балтаны ешкімге кезенбейді. Ол дегеніміз микроконцепттердің өзгеріске ұшырауы арқылы тұтас концепттің толық трансформацияланғанын көрсетеді. Дегенмен, қай күннің батыры болса да көздеген арманы мен тілегі бір, аңсағаны елдің тыныштығы.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті
- 2 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивті лингвистика. – Алматы: Асыл кітап, 2010. – 344 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. /Құраст.: Б.Сүйреқұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- 4 Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. 1-том: Эпос – ел қазынасы. /Құраст.: Д.Ысқақұлы. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2017. – 320 б.
- 5 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептологиялық негіздері. Монография. – Алматы: TechSmith, 2020. – 316 б.